"Все события, когда люди могут встречаться, договариваться и решать вопросы за столом, сложно переоценить. Ведь если проблемы не решать в переговорах, после гибнут люди. Поэтому любой переговорный формат имеет преимущество над форматом любым другим. Не только журналистам, но и всем остальным представителям других профессий нужно не забывать об ответственности своих поступков, их нравственности. Намеренное искажение информации для достижения своих целей приводит к необратимым последствиям", – подытожил Артур Платонов.

Напомним, в Астане [проходит](#) II Международный медиафорум.
Автор: Жания Уранкаева

<http://www.kazpravda.kz/rubric/kultura/klub-ank-provedet-mediativnie-seminari-dlya-zhurnalistov/>

Клуб журналистов АНК проведет медиативные семинары для журналистов

150 стран мира интересуются опытом построения межэтнических отношений казахстанской модели согласия, получившей название "Модель Назарбаева".

В рамках клуба журналистов Ассамблеи народа Казахстана планируется серия практических семинаров по медиации для журналистов. Об этом заявила председатель клуба журналистов АНК Гульмира Каракозова, сообщает корреспондент [Kazpravda.kz](http://www.kazpravda.kz).

В рамках медиафорума Ассамблеи народа Казахстана "Бейбітшілік пен келісім мәдениеті" прошла панельная сессия для журналистов электронных СМИ: "Журналист-медиатор: возможности и перспективы", в ходе которой прозвучала данная инициатива.

"От имени Клуба журналистов АНК хочу сказать, что сегодняшний семинар о развитии медиации в Казахстане показал, что принципы медиации нужны не только медиаторам и журналистам в чистом виде. Мы планируем в ближайшее время, в начале следующего года, в течение месяца провести серию семинаров по медиации для журналистов, в которых могут принять участие все желающие журналисты и люди, освещдающие межэтнические отношения в РК", – сказала Гульмира Каракозова.

Спикеры сессии отметили, что медиация сегодня не просто модное слово и понятие, медиация – необходимость времени. Зачем доводить до судебного разбирательства, когда есть человек-посредник – медиатор, который может решить дело до суда.

"Преимущества медиации очень много. Во-первых – экономия времени, средств, и каждая из сторон может получить выгодную позицию для себя и решить конфликт. Что касается медиативной журналистики, от журналиста-медиатора не нужно ждать решения проблем правовых, уголовных и психологических. Главная цель его – показать, что жизнь без конфликтов реальна. Если есть конфликт, то объективно показать обе стороны и дать им возможность понять и посмотреть друг на друга со стороны и найти выход из конфликта. Главное – слушать и слышать, не навредить – основа медиации, эти правила подходят и в отношении медиативной журналистики", – отметила председатель Клуба журналистов АНК.

Кроме того, как отметили журналисты, участвующие в семинаре, в нашей стране не было крупных межэтнических конфликтов, в которые бы вмешались все СМИ и играли роль медиатора, и в этом большая роль Ассамблеи народа Казахстана, сумевшей построить уникальный институт, которому в этом году исполняется 20 лет.

"Каждый журналист должен помнить, что одним словом можно как создать, так и разрушить мир и согласие. То слово, которое объединяет и создает, – наше слово", – заключила спикер.

Автор: Жания Уранкаева

<http://www.kazpravda.kz/rubric/kultura/itogi-konkursa-shanirak-podvedut-na-ii-mezhdunarodnom-mediaforume-ank/>

Итоги конкурса "Шанырак" подведут на II Международном медиафоруме АНК

II Международный медиафорум проходит в Астане.

В рамках медиафорума Ассамблеи народа Казахстана "Бейбітшілік пен келісім мәдениеті" подведут итоги творческого конкурса в области этножурналистики "Шанырак", сообщает корреспондент [Kazpravda.kz](#).

В конкурсе могли принять участие журналисты казахстанских средств массовой информации, представители этнокультурных объединений, неправительственных организаций, деятели науки и культуры, эксперты и отдельные авторы.

"Развитие этножурналистики является важным шагом в этом направлении, ведь именно создание качественных теле- и радиопрограмм, статей, репортажей помогает лучше узнать и понять культуру других народов. Через это понимание приходит уважение, воспитывается толерантность", – отмечают организаторы форума.

Отметим, что целью проведения форума служит обсуждение вопросов укрепления и развития казахстанской идентичности и единства, повышения конкурентоспособности отечественных СМИ, популяризация казахстанской модели общественного согласия и общенационального единства Президента Нурсултана Назарбаева.

Также в рамках форума пройдут панельные сессии по актуальным вопросам развития СМИ и блогосферы, мастер-классы от ведущих отечественных и зарубежных спикеров, выставка СМИ этнокультурных объединений и фотовыставка "Год АНК", помимо этого намечена брифинг-сессия на тему "Роль масс-медиа в укреплении общественного согласия и общенационального единства".

Кроме того, в продолжение форума запланирована презентация сборника "20 лет АНК: Одна страна – одна судьба" издательства "Казахстанской правды".

Добавим, в мероприятии принимают участие депутаты Парламента РК, официальные лица государственных органов, представители республиканских и региональных СМИ, этнокультурных объединений, международные эксперты из Китая, ОАЭ, России, Турции, Кыргызстана, Азербайджана и Латвии, отечественные эксперты в сфере масс-медиа, зарубежные журналисты.



<http://egemen.kz/2015/11/13/6418>

13.11.2015 0 8 рет оқылды

Қоғамдық келісімге құрылған келелі кеңес

Кеше «ҚазМедиа» орталығында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» II Халықаралық медиа-форумы өтті. Шара аясында ҚХА этностық бұқаралық ақпарат құралдарының көрмесі мен «Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы» фотокөрмесі де ұйымдастырылды.

Маңызды мәселелер көтерілген медиа-форум

Көрме негізінен Қазақстан халқы Ассамблеясы жылын қорытындылауға арналған. Сонымен қатар, мұнда Ассамблеяның жыл бойы жұмысын көрсетудегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар да қойылыпты. «Этносаяси және гуманитарлық зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының вице-президенті Фазиз Телебаев былай деді: «Бұл шараның өзге медиа-форумнан ерекшелігі – қоғамдық келісім мәселелеріне арналғандығында. Қазақстан халқы Ассамблеясы осы мәселелермен айналысады. Бейбітшілік пен келісім мәселелерін қалай талқылау жайы және де қандай ережелер сақталуы тиіс деген тақырыптар төнірегінде өзекті мәселелер талқылануы да сондықтан».

Жалпы, мұндай маңызды іс-шараның «ҚазМедиа» орталығында өткізілуінің де астарында үлкен мағына жатыр. Өйткені, шараға негізінен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Бұдан басқа, аталған медиа-форумға этномәдени бірлестіктер бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары да келді. Сонымен қатар, сегіз елден: БАӘ, ҚХР, Турция, Ресей, Қыргызстан, Әзербайжан, Латвия және Белоруссиядан халықаралық сарапшылар қатысқандығын айта кету керек. Шара барысында әлемде орын алғып жатқан жағдайларға талдау жасала отырып, журналистердің жауапкершілігін арттыру бағытында пікір алmasылды.

Негізгі талқылаулар үш панельдік сессия: «Қоғамдық келісім мәнмәтініндегі медиамәдениет», «Журналист – медиатор: мүмкіндіктер мен перспективалар» және «Қоғамда бейбітшілік мәдениетін қалыптастыруға блогерлік сала мен әлеуметтік желілердің әсері» тақырыбында өткен отырыстарда кеңінен өріс алды.

Оның біріне, яғни «Қоғамдық келісім мәнмәтініндегі медиамәдениет» атты тақырыпқа арналған панельдік сессияға танымал журналист, «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп модераторлық жасады. Мұндағы басты мәселе этножурналистикада қателікке бой алдыру үлкен кикілжіндерге алыш келері, сондықтан кез келген ақпарат жан-жақты екшеліп барып таратылуы жайы әңгіме өзегіне айналды. Бұл түрғыдан келгенде,

этносаралық қарым-қатынастар мәселесін жазуда журналиске артылар жүк те ауыр болмақ. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ашып көрсетуде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы да артып отырғаны сондықтан. Елбасының сарабдал саясатын насихаттауда, қазақстандықтарды бір мұддеге жұмылдыруда этножурналистердің алар орны ерекше. Өз кезегінде Алматы облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалым Идигов бұрынғы Кеңес Одағы елдерінде Президенттің өзі осындай этносаралық қарым-қатынастар мәселесімен тікелей айналысып отырған жағдай байқалмайтындығымен бөлісті.

Ал «Астана» радиосының директоры Гүлмира Каракөзова модераторлық еткен «Журналист – медиатор: мүмкіндіктер мен перспективалар» тақырыбындағы панельдік сессияда журналист медиатор бола ала ма, деген сұрақ төңірегінде бірқатар пайымдар ортаға салынды. Бұл ретте, Еуразия ұлттық университетінің Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының меншерушісі Ғаділбек Шалахметовке Қазақстан халқы Ассамблеясы жаңынан Этностық мәселелер жөніндегі кәсіби медиация орталығын құру жайы сұралды. Оған жауап ретінде кәнігі журналист медиация тек экономика мен заң саласындаға болатынын, ал идеология жағынан болмайтындығын нақты мысалдармен түсіндіруге тырысты.

«Піл мен құмырсқаның идеологиясын түйістіруге келмейді. Олар әртүрлі жағдайда өмір сүреді. Кез келген кішігірім халықтың арманын үлкен топтың ойымен салыстыруға болмайды. Өйткені, онда әртүрлі мұдделер жатады. Сіздер сығандар мен ағылшындарды жарастыратын ортақ сөз таппайсыздар. Әртүрлі жағдайлар. Сондықтан медиация мәселесі экономикалық және заңдық мәселелерді қараған кезде маңызды әрі қажет», деді Ғаділбек Мінәжұлы. Ол бұл ретте мәдениет пен идеология мәселесінде Қазақстан халқы Ассамблеясы осыларға тиісті тетіктерді тауып отырғандығына, алайда, оның медиациядан тыс жатқандығына назар аудартты.

«Қоғамда бейбітшілік мәдениетін қалыптастыруға блогерлік сала мен әлеуметтік желілердің әсері» деген тақырыпта өткен панельдік сессия жұмысын белсенді талқылаған беларусьтік белгілі саясаттанушы, Интеграция орталығының директоры Владимир Решетов интернет желісінің қаншалықты өз елінің қауіпсіздігіне қатер төндіргенімен бөлісіп отырды.

Бұдан кейін бірқатар сарапшы өздерінің шеберлік-сабактарын өткізді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті баспасөз және электрондық БАҚ кафедрасының меншерушісі, саяси ғылымдар докторы, профессор Гүлмира Сұлтанбаева «Қазақстан халқының этносаралық құндылықтарын зерделеу: медиа-технологияларды әзірлеу» тақырыбында шеберлік-сабағын өткізді. Қазақстан үшін этносаралық қарым-қатынастар өте үлкен жауапкершілік жүктейтіндігін алға тартқан профессор этностар достығының моделін жасаған Қазақстан үшін журналистерге арналған форумның мәні басым екендігін тілге тиек етті. Бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық саясаты қандай бағытта болуы керектігі тұрғысында сөз қозғаған Г.Сұлтанбаева бірнеше тақырып бойынша ойын өрбітті. Соның бірі Елбасының «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының тұғырнамасын жасап бергендейгіне қатысты болды. Қазақ елі тәуелсіздіктің жиырма жылды бойында осы идеяны іздеумен болса, енді бұл идея ұлттың біріктіріп отыр, деді ол.

Келесі шеберлік-сабағын Латвиядан келген сарапшы, «Вести сегодня» газетінің шолушысы Владимир Решетов өткізді. Оның тандаған тақырыбы «Журналистік тергеу жүргізудің әдістемесі» деп аталады. Оның айтуынша, кеңестік кеңістіктегі журналистика соңғы 20-25 жылдың ішінде қадірлі де қауіпті кәсіпке айналып отыр. Әр елде журналистік тергеу жүргізудің әдісі әртүрлі болып келе жатқанымен, журналисттер шындықты қоғамға жеткізуде, соның ішінде сыйайлар жемқорлықпен күресте, есірткі саудасымен күресте, заңсыз көші-қон мен шенеуніктердің заңсыз әрекеттерімен күресте өз бастарын қатерге тігулеріне тұра келеді екен.

Тағы бір шеберлік-сабағын «New Baku Post» газетінің бас редакторы, журналист-саясаттанушы, ТМД елдері сарапшылары лигасының мүшесі Тоғиг Аббасов өткізді. Оның шеберлік-сабағы «Блоггинг контентті ілгерілетудегі заманауи тренд» деп аталды. Ол негізінен блогердің жан-жақты болуы керектігін, өз жазбаларын тартымды етуде шеберлік танытуы қажеттігін ортаға салды.

«Ел бірлігі – ең асыл қасиет»

азақстан халқы Ассамблеясының II халықаралық медиа-форумы «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» деген тақырыппен өткен пленарлық сессиямен жалғасты, оны ҚХА Төрағасының орынбасары – Хатшылық менгерушісі Ералы Тоғжанов ашты. Бұл форумның «Бейбітшілік және келісім» – деп аталуы тегін емес. Себебі, 2015 жыл Президенттің Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып белгіленді. Ел бірлігі мен қоғамдық келісім күн тәртібінен түспейтін мәселелер. Ал Ассамблея жылы қайырымдылық пен ізгіліктің жылы болды десем, артық айтқандық болмас. Бұған үлкен іс-шаралардың өткізілуі дәлел. Ал біздің атқарып жатқан жұмыстарымызды БАҚ өкілдері үнемі насиҳаттап отырды. Бұл журналисттер қауымының Елбасының жүргізіп отырған ұлттық саясатын халыққа жеткізуде үлкен үлес қосқанын білдіреді, деді Е. Тоғжанов.

Пленарлық сессия барысында ҚХА Төрағасының орынбасары – Хатшылық менгерушісі, сонымен қатар, соңғы әлеуметтік сауалдамаларға сәйкес, бұгінде халықтың 98 пайызы біздің еліміздің азаматы екендігін мақтап тұтатындығын білдіргенін, 95 пайыз халық барлық басқа этностардың өкілдеріне оң көзқараста екендігін көрсеткенін жеткізді. Бұл ретте, Е. Тоғжанов бұл жай сандар еместігін, бұл елдегі шынайы ахуалдың нақты көрінісі және елімізде жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстардың айқын нәтижесі екендігін атап өтті.

Пленарлық сессияда сөз алған Қазақстан Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Бағлан Майлыбаев Ассамблея жылы аясында көптеген іс-шара атқарылғанын, соның бірі осы медиа-форум екендігін айрықша атап өтті. Біз отандық мамандар мен шет мемлекеттерден келген қонақтарға осы шараға қатысқандары үшін алғысымызды білдіреміз. Елбасымыз айтқандай, «Ел бірлігі – ең асыл қасиет». Этносаралық түсіністік орнаған ел ғана алдына ауқымды мақсаттар қойып, соған қол жеткізе алады. Ал бейбітшілік пен келісімді нығайту «2050» Стратегиясын жүзеге асырудың ең басты критерийі, деді Б. Майлыбаев. Оның айтуынша, бұгінде Қазақстанда 15 тілде 60-қа жуық бұқаралық ақпарат құралы жарық көреді, оның ішінде этномәдени бірлестіктердің 34 газеті мен 26 сайты бар. Осы 60 БАҚ-тың

барлығы да Ассамблеяның, бүкіл еліміздегі 960 этномәдени бірлестіктің қызметін жазып, көрсетуде. Олардың барлық өнірлерімізде 75 мың белсендісі бар. Міне, КХА-ның 20 жылдық жұмысы көрсетіп отырғандай, жыл сайын шамамен 3-4 млн. қазақстандық азамат Қазақстан халқы Ассамблеясының тікелей желісімен жүргізілетін жұмыстармен қамтылып отыр. Осы себепті, бұгіндегі бейбітшілік пен келісімнің жалпықазақстандық мәдениеті дамып, ол біртұастық және әралуандық қағидаттары негізінде байи түсуде. 17 жыл бұрын, яғни 1998 жылы еліміздің жетекші бұқаралық ақпарат құралдары Журналистік этика туралы кодексті қабылдады, онда этносаралық қарым-қатынастар мәселесін насиҳаттау жайы қозғалған. Бұл кодекстің ережелері нақты жұмыс істейтін нормаға айналды. Яғни, оған сәйкес, қандай да бір қылмыстық оқиға туралы объективті түрде айтқан кезде, құқық бұзушының немесе зардап шеккен азаматтың этносы мен діни сенімі қозғалмайды. Бұл – өте маңызды қағидат, деді Б. Майлыбаев.

Өз сөзінде Парламент Мәжілісінің депутаты Мәулен Әшімбаев Қазақстан халқы Ассамблеясы көптеген маңызды іс-шаралардың, бастамалардың, жобалардың жүзеге асырылуының басы-қасында жүргеніне, олардың қатарына халықаралық медиа-форумды жатқызуға болатынына тоқталды. «Қазақстандағы этносаралық тепе-тендікті және қазіргідей мульти-этностиқ қоғамдағы бейбітшілікті қамтамасыз етудің бірнеше шарты бар. Біріншіден, бұл ұлты мен тіліне, діні мен діліне қарамастан, барлық азаматтардың тең құқығы мен барлық азаматқа бірдей мүмкіндік беру елдің заңдарында нақты айқындалып, көрсетілген. Бұгінде бұл қағидаттар Қазақстанда нәтижелі жүзеге асырылуда. Мәселен, еліміздің Ата Заңында ешкім де ұлтына және тілінің алуандығына қарамастан, қандай да бір кемсітушілікке ұшырамайтындығы жазылған. Ал Конституцияда көрсетілген бұл қағидаттарды жүзеге асыру үшін Қазақстан Парламенті бірқатар заң қабылдады. Бұл елімізде этносаралық тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз еткен тиімді құқықтық база қалыптасқанын білдіреді, деді ол. Сонымен қатар, М.Әшімбаев қандай да бір пиғылы мен ниеті бұлышығыр қандай да бір топтардың қандай да бір «жабық жүйені» құрып, қоғамнан оқшауланып, өздері жасаған «ережелерге» сәйкес өмір сүрүлеріне жол берілмеуі қажеттігін атап көрсетti.

Жиын барысында шетелден келген БАҚ өкілдері де сөз сөйлеп, этносаралық, конфессияаралық келісім, мәдени әралуандылық мәселелеріне қатысты өз ойларын ортаға салды. Мәселен, «Диалог-Еуразия» журналының бас редакторы, Түркия журналистері мен жазушылары қоры Қамқоршылар кеңесінің мүшесі Еркам Туфан Айтав былай деді: «Пікір алуандығының, біртұас азаматтық қоғам қалыптастырудың жақсы жағы көп. Ал егер, керісінше болса, бұл азаматтардың құқықтарын шектеп, ол құқықтарға қайшы келеді. Мәселен, біз бір ұлтты мемлекеттерге арналған жүйенің тиімсіздігін, ондай мемлекеттердің өз мұрагатына жете алмай, көп қыншылыққа тап болғанын білеміз. Бұдан шығатын қорытынды мынау: мемлекет ешкімді бөліп-жармауы керек. Барлық этностиқ топтарға бірдей қарау керек».

Ал «Синьхуа» ақпарат агенттігі Қазақстандағы өкілдігінің директоры Чжоу Лян мен «Әл Арабия» телеарнасының жүргізушісі Басель Хадж

Джасемнің ойлары «полиэтностық мемлекетте этносаралық және дінаралық келісімге апарар бірден-бір жол – мықты ұлттық саясат» дегенге сайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» атты II халықаралық медиа-форум аясында, сондай-ақ, «Казахстанская правда» газетінің «ҚХА-20 жыл: бір ел – бір тағдыр» атты жинағы таныстырылды. Шара барысында газеттің бас редакторы Татьяна Костина өзінің сөзінде жинақ жайында толық мағлұмат берді. «Бұл – біздің басылымның екінші кітабы. Бірінші жинақ Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 жылдық қызметіне арналған еді. Ал бүгін таныстырылып отырған басылымда ҚХА-ның соңғы 5 жылдағы жұмысына сараптама жасалған», деді ол. Т.Костинаның айтудынша, 7 бөлімнен тұратын кітапта ҚХА қызметіне толықтай шолу жасалып, басылымның Ассамблеяның сессияларына арналған мақалалар мен Елбасының сөйлеген сөздері топтастырылған.

Ассамблея қызметі – әлем елдері үшін үлгі

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» II халықаралық медиа-форумының аясында өткен шаралардың бірі «Қоғамдық келісім мен жалпы ұлттық бірлікті нығайтудағы БАҚ-тың рөлі» тұқырыбын қамтыған брифинг болды. Бұқаралық ақпарат құралдарының тұластық пен татулықты орнатудағы белсенді әрекеті сөз етілген бұл басқосуда түрлі пікірлер айтылып, тұщымды ойлар қозғалды. Оған депутаттар, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, респубикалық және өнірлік БАҚ пен этномәдени бірлестіктердің өкілдері, Қытай, БАӘ, Ресей, Түркия, Қыргызстан, Әзербайжан, Латвиядан келген сарапшылар, ақпарат саласындағы отандық сарапшылар және Қазақстанда тіркелген шетелдік журналисттер қатысты.

Жиынның модераторлары ретінде бекітілген «Қазақстанның азаматтық альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Нұрлан Ерімбетов пен «24kz» телеарнасының шеф-редакторы Ерлан Игісінов брифингке қатысуышыларға өзекті мәселелер төңірегінде түрлі сұрақтар қойып, спикерлерді ашық пікірге шақырды.

Қойылған сұраққа орай сөз алған ТМД елдері институтының Орта Азия және Қазақстан бөлімінің менгерушісі, Орталық Азия бойынша сарапшы Андрей Грозин (Ресей Федерациясы) Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы, оның тәжірибесі Ресей тарапынан жоғары бағаланып келе жатқанын айта келіп, аталған салада бұқаралық ақпарат құралдарының алар орнына тоқталды. Оның сөзіне қарағанда, Қазақстандағы этносаралық және конфессияларың келісімді нығайтудағы әрбір қадам өз жемісін беріп отыр. Сондай-ақ, ол ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарының әлемде болып жатқан түрлі оқиғалар жөнінде хабарлар таратуына қатысты пікірін жеткізді.

«Әл-Арабия» телеарнасының жүргізушісі, саясаттанушы Хадж Басель (Сирия Араб Республикасы) өз кезегінде әлемдегі кейбір ақпарат құралдарының Ислам дініне байланысты жағымсыз хабарлар таратып отырғанына қынжылысын білдірді. Ислам діні, оның мақсат-мұддесі тұрғысында сөз қозғау біліктілікті қажет етеді. Біздің дінімізге жатқылыштарды, лаңкестік пен жауыздықты теліп көрсету білімсіздіктің

салдары. Осы мәселеде абай болғанымыз жөн, деді Хадж Басель. Бұдан бөлек, ол бүгінгі Сириядағы ахуал жөнінде қысқаша әңгімелеп берді. Оның сөзіне қарағанда, Сириядағы мәселе тек елдің, аймақтың ғана емес, жаһандық деңгейдегі өте күрделі жағдай. Ахуал күн сайын ауырлай түсуде.

Ал Мәжіліс депутаты Ахмед Мурадов этносаралық және конфессияаралық татулықтың қаншалықты маңызды екенін әрбір азамат терең түсінуі керек екенін, осы салада атқарылған игі шараларға үнемі қолдау көрсету өз жемісін бермей қоймайтынын сөз ете отырып, Ислам дінінің әлемдік қауымдастықтағы рөлін, оның адамзатты тек бейбітшілікке шақыратынын атап өтті. Сонымен қатар, депутат Қазақстанда этносаралық және дінаралық алауыздықтың орын алуына түрткі болар ешқандай себептер жоқ екенін айта келіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы бағытта жүргізіп отырған сарабдал саясатына назар аударды. Біздің Президентіміз әрбір сөйлеген сөзінде елдің татулығына, ынтымағына қатысты түшымды ойларын айта отырып, конфессияаралық келісімнің маңыздылығына ерекше екпін береді. Қашанда ел ынтымағын бәрінен жоғары қоятын Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясына ауқымды міндеттер жүктеуде. Елбасының тапсырмаларын орындауда аталған қофамдық ұйым бар мүмкіндігінше қызмет етуде. Мұның жемісін халқымыз көріп отыр, деді А.Мурадов. Сонымен бірге, ол қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының ел бірлігін сақтаудағы елеулі еңбегіне разы екенін білдірді.

«Синъхуа» ақпарат агенттігінің Қазақстандағы өкілдігі директоры Чжоу Лян (Қытай Халық Республикасы) модераторлар тарапынан өзіне қойылған сұраққа орай біздің еліміздегі ынтымақ пен бірліктің жасампаздығына қатысты өз ойын білдірді. Мен Қазақстанға келgelі бері көптеген игі істердің күесі болып жүрмін. Өсірсе, маған ел азаматтарының өзара қарым-қатынастары, бір-біріне көмек көрсетуге құмар болып тұратыны ұнайды. Бұған күнділікті тіршілікте талай мәрте көз жеткіздім. Өзім де осында талай адамдардың құрметін көрдім. Адамдардың бойындағы ізеттілік мені әрқашан жақсы ойларға жетелейді. Қазақстанның халқы бейбітшіліктің, татулықтың қадірін терең түсінеді. Сондықтан да, ел ынтымағы үшін жасалған әрбір іске жұмыла кіріседі. Мен мұның жарқын мысалы ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін алға тартар едім. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өз елін бір бағытқа, бір мақсатқа жұмылдырып отырғанынан талайлар үлгі алуы тиіс. Бүгінгі әлем елдерінің Қазақстанның үйренері көп, деді ол. Бұған қоса, қазақстандық ақпарат құралдарының Елбасы бастамаларын қызу қолдайтынына, елді ұйыстыра білер әлеуетіне көнілі толатынын жеткізді.

Жиын барысында сөз алған «Білім және мәдениет» телеарнасының директоры Александр Аксютиц (Қазақстан), «Диалог-Еуразия» журналының бас редакторы Еркам Туфан Айтав (Түрік Республикасы), саясаттанушы, Интеграция орталығының директоры Юрий Шевцов (Беларусь Республикасы) Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Орталық Азия өніріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығының басшысы Айгүл Сәдуақасова (Қазақстан), Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы Роман Василенко (Қазақстан) және тағы да басқалар еліміздегі тұрақтылық пен

орнықты даму жөнінде, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам өміріндегі рөлі түрфысында өз ойларын ортаға салды.

Басқосу соңында Қазақстан халқы Ассамблеясының этножурналистика саласында жыл сайын өткізетін «Шаңырақ» шығармашылық конкурсының қорытындысы жарияланып, жеңімпаздар үйымның 20 жылдығына арналып шығарылған мерекелік медальдармен марапатталды



Мир нашему дому

от 12 Ноября 2015 | Светлана АБДРАШИТОВА | Астана

В столичном «Казмедиацентре» открылся II Международный медиафорум



Ассамблеи народа Казахстана (АНК), приуроченный к Всемирному дню толерантности. Журналисты и политологи разных стран обсуждали роль СМИ в гармонизации межнациональных отношений.

Особую роль в этой тонкой и деликатной сфере в нашей стране играет АНК.

Нынешний год для нее особенный – юбилейный. По случаю круглой даты вышел в свет специальный сборник «20 лет Ассамблеи народа Казахстана. Одна судьба одна страна», презентация которого прошла на форуме.

– Это наша вторая книга, первая посвящена деятельности Ассамблеи народа Казахстана за 15 лет, а сегодня мы представляем сборник, который анализирует работу АНК за пять лет, – рассказала заместитель главного редактора газеты «Казахстанская правда» Татьяна Костина.

Самой яркой, на ее взгляд, получилась глава, вобравшая в себя репортажи с выступлениями президента Нурсултана Назарбаева по поводу деятельности АНК. А одним из самых интересных Татьяна Костина назвала раздел издания, где люди разных национальностей признаются в любви казахскому языку.

Как показал недавний соцопрос, 98% жителей нашей страны гордятся тем, что они казахстанцы, сообщил зампредседателя Ассамблеи народа Казахстана Ералы Тугжанов.

В свою очередь эксперт российского института СНГ Андрей Грозин отметил особую миссию Ассамблеи народа Казахстана в поддержании межэтнического и межкультурного диалога в республике. Он уверен, что опыт этого уникального института взаимодействия этносов важно транслировать и широко представлять на мировой арене.

Наряду с этим отечественные игроки медиа рынка обсудили со своими зарубежными коллегами методы подачи конфессиональных вопросов в Интернете и социальных сетях и многие другие вопросы.

ИНФОРМАЦИОННЫЕ АГЕНСТВА



<http://www.inform.kz/kaz/article/2838484>

Қазақстанның 98 пайызы қазақ елінің азаматы болғанын мақтан тұтады - Е.Тоғжанов



Тоғжанов айтты.

«Соңғы әлеуметтік сауалнамаларға сәйкес халықтың 98 пайызы біздің еліміздің азаматы екендігін мақтан тұтатындығын білдірген. 95 пайызы басқа барлық этностардың өкілдеріне оң көзқараста екендігін атап өткен», - деді ол.

Сонымен қатар Е.Тоғжанов бұл бос сандар еместігін, елдегі шынайы ахуалдың нақты көрінісі екендігін атап өтті. Елімізде жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстардың айқын нәтижесі екендігін баса айтып, биылғы жыл Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы екендігіне ерекше тоқталды.

«Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы - ол елдіктің, бірліктің, бейбітшіліктің жылы. Бұғынгі форумның да мақсаты белгілі. Жалпы, дүниежүзінде жүріп жатқан көптеген трендтер бар. Соларды таразыдан өткізіп, сараптап, өз ішімізде де кеңінен талқылайтын уақыт жетті деп ойлаймын», - деді ол.

АСТАНА. ҚазАқпарат - Қазақстанның 98 пайызы қазақ елінің азаматы болғанын мақтан тұтады. Бұл туралы елордада өтіп жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» атты II халықаралық медиа форумның жалпы сессиясында ҚХА Төрағасының орынбасары - хатшылық менгерушісі Ералы

Б.Майлыбаев: Бейбітшілік пен келісімді нығайту - 2050 Стратегиясын жүзеге асырудың ең басты критерийі

АСТАНА. ҚазАқпарат - Бейбітшілік пен келісімді нығайту - 2050



Стратегиясын жүзеге асырудың ең басты критерийі. Елордада өтіп жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» атты II халықаралық медиа форумы жалпы сессиясында КР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Бағлан Майлыбаев осылай деді.

«Өздеріңіз білесіздер, биыл елімізде Ассамблея жылы аталып өтілуде. Осы жылдың аясында көптеген шаралар атқарылуда. Соның бірі - бүгінгі медиа форум. Отандық мамандар мен шет мемлекеттерден келген қонақтарға қатысқандары үшін алғысымызды білдіреміз. Елбасымыз айтқандай, «Ел бірлігі - ең асыл қасиет». Ал бейбітшілік пен келісімді нығайту 2050 Стратегиясын жүзеге асырудың ең басты критерийі», - деп атап өтті Б.Майлыбаев.

Оның алға тартқан деректеріне сәйкес, Қазақстанда 15 тілде 60-қа жуық бұқаралық ақпарат құралы жарық көреді, оның ішінде этномәдени бірлестіктердің 34 газеті мен 26 сайты бар.

«Осы 60 БАҚ-тың барлығы да Ассамблеяның, бүкіл еліміздегі 960 этномәдени орталықтың қызметін жазып көрсетуде. Олардың барлық өнірлерімізде 75 мың белсенендісі бар. Міне, ҚХА-ның 20 жылдық жұмысы көрсетіп отыргандай, жыл сайын шамамен 3-4 млн қазақстандық Қазақстан халқы Ассамблеясының тікелей желісімен жүргізілетін жұмыстармен қамтылуда», - деді КР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары.

12 Қараша 2015, 15:10

«ҚХА 20 жыл: Бір ел - бір тағдыр» жинағының таныстырылымы өтті



АСТАНА. ҚазАқпарат - Бұгін елордада өтіп жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» атты II халықаралық медиафорум аясында «Казахстанская правда» газетінің «ҚХА 20 жыл: Бір ел - бір тағдыр» атты жинағы таныстырылды.

«Бұгінгі форум аясында тағы бір шара өтпек. Биылғы жыл Ассамблеяның 20 жылдығы. Соған орай көптеген ақпарат құралдары Ассамблеяның 20 жылдығын халыққа паш етуге өздерінің үлесін қосып жатыр. Солардың бірі - «Казахстанская правда» газеті», - деп атап өтті жинақтың тұсауқесерінде сөз сөйлеген «Қоғамдық келісім» РМК директорының орынбасары Газиз Телебаев.

Өз кезегінде газет бас редакторының орынбасары Татьяна Костина сөз сөйлеп, жинақ жайында толық мағлұмат берді.

«Бұл біздің басылымның екінші кітабы. Бірінші жинақ Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 жылдық қызметіне арналған болатын. Ал бұгін таныстырылып отырган басылымда ҚХА-ның соңғы 5 жылдағы жұмысына сараптама жасалған. Біздің кітабымыз 7 бөлімнен тұрады», - деді ол.

Т.Коскинаның сөзіне қарағанда, аталған бөлімдерде ҚХА қызметіне шолу жасалып, басылымның Ассамблеяның сессияларына, Елбасының сөйлеген сөздеріне қатысты мақалалары топтастырылған.

12 Қараша 2015, 10:32

Елордада ҚХА-ның «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» атты II халықаралық медиа форум өз жұмысын бастады



АСТАНА. ҚазАқпарат - Бүгін елордада Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» атты II халықаралық медиа форум өз жұмысын бастады.

Форум мақсаты - қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайту мен дамыту отандық БАҚ-тың бәсекеге арттыру мәселелерін талқылау,

Н.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік қазақстандық моделін насиҳаттап тарату.

Форум аясында БАҚ-ты, блог саласын дамытудың өзекті мәселелері бойынша отандық және шетелдік спикерлердің шеберлік сабактары олатын үш панельдік сессия, этномәдени бірлестіктер БАҚ-тарының көрмесі мен «ҚХА» жылды атты фото көрме өтуде.

Ал күннің екінші жартысында «ҚХА 20 жыл - Бір ел - бір тағдыр» жинағының таныстырымы өтеді. Одан кейін форумның жалпы сессиясы өз жұмысын бастайды. Іс-шараға ҚР Парламентінің депутаттары, мемлекеттік органдардың ресми тұлғалары, республикалық және өңірлік БАҚ пен этномәдени бірлестіктердің өкілдері, Қытай, Ресей, БАӘ, Түркия, Қыргызстан, Әзербайжан, Латвиядан келген сарапшылар, Қазақстанда тіркелген шетелдік журналисттер қатысады.

Форум жұмысы интерактивті талқылау түрінде өтетін «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы масс-медиа рөлі» тақырыбындағы брифингке жалғасады.

Алқалы жиын соңында ҚХА-ның этножурналистка саласында жыл сайын өткізетін «Шаңырақ» шығармашылық байқауының қорытындысы салтанатты түрде жарияланады деп күтілуде.

В столице стартовал II Международный медиа-форум АНК



АСТАНА. КАЗИНФОРМ - В Астане начал работу II Международный медиа-форум Ассамблеи народа Казахстана «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті».

По словам организаторов, основной целью форума является обсуждение вопросов укрепления и развития

казахстанской идентичности и единства, повышения конкурентоспособности отечественных СМИ, популяризация казахстанской модели общественного согласия и общенационального единства Н. А. Назарбаева.

В рамках форума планируется проведение трех панельных сессий по актуальным вопросам развития СМИ, блогосферы и мастер-классов от ведущих отечественных и зарубежных спикеров, выставки этнокультурных объединений и фотовыставка «Год АНК». Также в рамках мероприятия состоится презентация сборника «20 лет АНК. Одна страна - одна судьба».

<http://www.inform.kz/rus/article/2838328>

Соцсети могут стать эффективным оружием в борьбе с коррупцией - представитель «Синьхуа» в РК



АСТАНА. КАЗИНФОРМ - Социальные сети могут стать эффективным оружием в борьбе с коррупцией. Об этом сегодня заявил шефкорреспондент представительства информационного агентства «Синьхуа» в Казахстане Чжоу Лян, выступая на II Международном медиа-

форуме Ассамблеи народа Казахстана «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті».

«Социальные сети могут стать эффективным оружием в борьбе с коррупцией. Так как информация, распространенная в социальных сетях, может стать основанием для возбуждения уголовных дел в отношении того или иного чиновника», - сказал Чжоу Лян.

К примеру, по его словам, в Китае один из чиновников прибыл на место ЧП, и благодаря опубликованной в социальных сетях фотографии его дорогих часов было начато расследование - в итоге он осужден.

«Однако не стоит забывать и об обратной стороне социальных сетей. Ведь публикация непроверенной информации может вызвать в обществе волнения и беспорядки, поэтому нельзя забывать об ответственности», - добавил Чжоу Лян.

В Астане презентовали книгу «20 лет АНК: Одна страна - одна судьба»



АСТАНА. КАЗИНФОРМ - Сегодня в рамках II международного Медиа форума Ассамблеи народа Казахстана «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» состоялась презентация книги «20 лет АНК: Одна страна - одна судьба».

Данное издание

выпущено редакцией газеты «Казахстанская правда».

«Мы хотели выразить огромную благодарность коллективу газеты за выпуск такой замечательной книги», - отметил в ходе презентации заместитель директора РГП «Қоғамдық келісім» Газиз Телебаев.

Как отметила главный редактор газеты «Казахстанская правда» Татьяна Костина, это второе подобное издание, выпущенное редакцией газеты.

«Это наша вторая книга, первая была посвящена деятельности Ассамблеи народа Казахстана за первые 15 лет, а сегодня мы вашему вниманию представляем книгу, в которой проведен анализ работы АНК за 5 лет», - сказала Т. Костина.

По ее словам, книга состоит из семи глав - первая глава посвящена обзору деятельности АНК, вторая глава наиболее яркая, она занимает большую часть книги, в нее вошли репортажи журналистов с сессий Ассамблеи народа Казахстана, на которых выступал Глава государства.

«Шестая глава одна из самых интересных - это признания в любви казахскому языку людей самых разных национальностей. Сегодня у нас активно работает страница Нации единого будущего, куда мы приглашаем к разговору очень интересных людей, мы рассказываем о том чувстве патриотизма, который есть у наших людей», - добавила Т. Костина.

Работа АНК охватывает ежегодно около 3-4 млн казахстанцев - Б. Майлыбаев



АСТАНА. КАЗИНФОРМ - Работа Ассамблеи народа Казахстана охватывает ежегодно около 3-4 млн. наших граждан. Об этом сегодня в ходе II международного Медиа форума Ассамблеи народа Казахстана «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» сообщил заместитель руководителя

Аппарата Президента РК Баглан Майлыбаев.

«В Казахстане на 15 языках публикуются около 60 СМИ. В том числе 34 газеты и 26 сайтов этнокультурных объединений, часть из них представлена здесь, на выставке. Все эти 60 СМИ освещают большую деятельность Ассамблеи, деятельность этно-культурных центров, как вы знаете, их у нас 960 по всей стране», - сказал Б. Майлыбаев.

Он также добавил, что этнокультурные центры представлены во всех регионах республики и имеют около 75 тысяч активистов.

«Как показывает вот уже 20-летняя работа АНК, ежегодно около 3-4 млн. казахстанцев охватывает работа, которая проводится непосредственно по линии Ассамблеи народа Казахстана», - сказал Б. Майлыбаев.

12 Ноября 2015, 16:07

98% опрошенных гордятся тем, что являются гражданами Казахстана - Е.Тугжанов



АСТАНА. КАЗИНФОРМ - 98% опрошенных казахстанцев гордятся тем, что они являются гражданами нашей страны. Об этом сегодня заявил заместитель председателя Ассамблеи народа Казахстана Ералы Тугжанов, выступая на II международном Медиа форуме Ассамблеи народа Казахстана «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті».

«Согласно последним соцопросам, 98% населения гордятся тем, что они граждане нашей страны. 95% положительно относятся к представителям всех других этносов», - сказал Е. Тугжанов.

Он также добавил, что это не пустые цифры, а истинное положение дел. Все это является результатом комплексной работы, проводимой в нашей стране.

<http://www.inform.kz/rus/article/2838532>

Казахстану удалось без потрясений стать многонациональным государством - Даурен Абаев



АСТАНА. КАЗИНФОРМ - Благодаря стратегии Президента РК Нурсултана Назарбаева и мудрости народа Казахстана нам удалось без потрясений стать многонациональным государством. Об этом сегодня заявил пресс-секретарь Президента РК Даурен Абаев, выступая на II международном

Медиа-форуме Ассамблеи народа Казахстана «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті».

«История дает немного примеров того, как можно без потрясений и горя создать общность многонационального типа государства, подобного Казахстану. Ведь зачастую государства рождаются в результате этнических и религиозных потрясений. Так было в Азии, Африке, так происходило по всему миру. Благодаря стратегии Президента Н.Назарбаева и мудрости народа Казахстана нам удалось стать одним из исключений», - сказал Даурен Абаев.

Пресс-секретарь Президента РК добавил, что очень сложно находить консенсус в спорных вопросах между этническими группами.

«Всегда сложно согласовывать интересы, находить консенсус между разными национальностями и конфессиями. Здесь требуются различные способы и средства, чтобы найти общие точки соприкосновения, прийти к общему знаменателю», - отметил Даурен Абаев.

Пресс-секретарь Президента РК: Успех государства во многом зависит от опыта и знаний его Лидера



АСТАНА. КАЗИНФОРМ - Успех любого государства во многом зависит от опыта и знаний его Лидера. Об этом сегодня заявил пресс-секретарь Президента РК Даурен Абаев, отвечая на вопрос президента ОЮЛ «Гражданский альянс Казахстана», политолога Ерлана Еримбетова в ходе II международного Медиа форума Ассамблеи народа Казахстана «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті».

Даурен Абаев отметил жизненный опыт и знания Главы государства в вопросах межнационального согласия в Казахстане. «Когда я стал пресс-секретарем Президента РК, я начал просматривать видеоархивы пресс-конференций с участием Главы государства, начиная с 1992 года. В 1992 году Президент сказал, что успех Казахстана зависит от межнационального и межрелигиозного согласия в стране», - сказал Д. Абаев.

Пресс-секретарь Главы государства отметил, что Глава нашего государства подчеркивает это почти в каждом интервью.

«Глава государства об этом говорил и говорит сейчас, это кажется такой обыденностью, но целое поколение, не одно, а два поколения выросло, для которых межнациональное согласие является аксиомой», - добавил Д. Абаев.

В последние два года тема межэтнического согласия стала актуальной в ходе переговоров на высшем уровне - Д.Абаев



АСТАНА. КАЗИНФОРМ - В последние два года тема межэтнического согласия стала актуальной на переговорах и встречах на высшем уровне. Об этом сегодня заявил пресс-секретарь Президента РК Даурен Абаев, отвечая на вопрос журналиста Артура Платонова, в ходе II международного Медиа форума Ассамблеи народа Казахстана «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті».

Отвечая на вопрос об актуальности темы межэтнического согласия в ходе закрытых переговоров на высшем уровне, Д. Абаев ответил:

«С каждым разом все больше и больше людей апеллируют и спрашивают глав государств, то есть интерес к этой теме, проблеме растет, особенно в последние два года».

Пресс-секретарь Главы государства добавил, что этим вопросом также интересуются инвесторы.

«Потому что для них очень важно наличие межнационального согласия в стране, куда они собираются инвестировать. Динамика есть», - сказал Д. Абаев.

<http://bnews.kz/kk/photonews/post/308361/>

Астанада «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» II Халықаралық медиа форумы өтіп жатыр

Форум аясында, іс-шара өтетін күннің бірінші жартысында, БАҚ-ты, блог саласын дамытудың өзекті мәселелері бойынша және жетекші отандық және шетелдік спикерлердің шеберлік сабактары болатын үш панельдік сессия, этномәдени бірлестіктер БАҚ-тарының көрмесі мен «ҚХА жылы» фото көрмесін өткізу жоспарланған. Форум мақсаты қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайту мен дамыту, отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін талқылау, Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік қазақстандық моделін насиҳаттау, тарату болып табылады.

Сондай-ақ, Форум шенберінде «ҚХА 20 жыл – Бір ел - бір тағдыр» («Казахстанская правда» баспасы) жинағының таныстырылымы өтеді деп жоспарланған.

Түстен кейін Форумның пленарлық сессиясы өз жұмысын бастайды. Іс-шараға ҚР Парламентінің депутаттары, мемлекеттік органдардың ресми тұлғалары, республикалық және өнірлік БАҚ пен этномәдени бірлестіктердің өкілдері, Қытай, БАӘ, Ресей, Түркия, Қыргызстан, Әзіrbайжан, Латвиядан келген сарапшылар, масс-медиа саласындағы отандық сарапшылар, Қазақстанда тіркелген шетелдік журналистер қатысады деп күтілуде.

Одан әрі Форум жұмысы интреактивті талқылау түрінде өтетін «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы масс-медиа рөлі» брифинг сессиясымен жалғасады.

Форум соңында Қазақстан халқы Ассамблеясының этножурналистика саласында жыл сайын өткізетін «Шаңырак» шығармашылық конкурсының қорытындысы салтанатты түрде жарияланады.

<http://bnews.kz/kk/news/post/308527/>

Форумда Қазақстанның бейбітшілік идеясын басқа елдерге паш ететін достар таптық – Е.Тоғжанов

Медиа форумда Қазақстанның бейбітшілік және келісім идеясын басқа елдерге паш ететін достар таптық. Бұл туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бейбітшілік пен келісім мәдениеті» II Халықаралық медиа форумының кулуарында ҚХА төрағасының орынбасары – Хатшылық менгерішісі Ералы Тоғжанов мәлімдеді, деп хабарлайды BNews.kz тілшісі.

«Біз форумда медиация тақырыбын қозғадық. Бұл өте маңызды мәселе. Шетелдік әріптестер журналистика кодексін ұсынды. Аталмыш мәселені біз талай рет көтерген болатынбыз. Шетелдіктер тарарапынан осындай сипаттағы ұсыныстар болды. Біз осы форумның арқасында халықаралық сарапшылардың қатысуымен ақпараттық алаңға қол жеткіздік. Біз олармен күнде кездесе бермейміз ғой. Сондықтан, шетелдік журналистерден шеберлік сабактарын алдық. Және де біз тәжірибелі болса да, осы форумнан сол елдердің этносаралық, дінаралық мәселелер бойынша жұмыс тәжірибесін алдық. Сондай-ақ, біз өзімізді түсінетін және Қазақстанның бейбітшілік және келісім идеясын басқа елдерге паш ететін достар таптық. Бұның өзі аз емес деп ойлаймын», - деген пікірін білдірді Ералы Тоғжанов.

Атап өтсек, медиа форум аясында күннің бірінші жартысында БАҚ-ты, блог саласын дамытудың өзекті мәселелері бойынша және жетекші отандық және шетелдік спикерлердің шеберлік сабактары болатын үш панельдік сессия, этномәдени бірлестіктер БАҚ-тарының көрмесі мен «ҚХА жылы» фото көрмесі өтті. Сондай-ақ, «ҚХА 20 жыл – Бір ел – бір тағдыр» жинағы таныстырылды. Форумның пленарлық сессиясы да ұйымдастырылды. Қазір форум жұмысы интереактивті талқылау түріндегі «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы масс-медиа рөлі» брифинг сессиясымен жалғасып жатыр.

